



# ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ



№24  
(2403)  
Дүйсенбі  
30 наурыз  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МЕЙРАМБЕК ШЕРМАҒАНБЕТ «ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында бірқатар жерлестеріміз Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен мемлекеттік наградаларға ие болды.

Қызылорда қаласындағы Өнер орталығында өткен салтанатты жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еліміздің дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, бұған дейін Қазалы ауданының әкімі қызметін атқарған жерлесіміз Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлына мемлекеттік награда

«Парасат» орденін табыстады.

Мереке қарсаңында табысталып жатқан мемлекеттік марапаттар Президентіміздің өңір халқына ыстық ықыласы мен бірлесіп атқарған жұмыстарға берген оң бағасы, барша жерлестеріміздің бекем бірлігі мен тату тірлігінің жемісі!

Мереке қарсаңында құрметке бөленіп жатқан Мейрамбек Зинабдинұлын барша Қазалы жұртшылығының атынан шын жүректен құттықтаймыз! Еліміздің өркендеуі мен халық игілігі жолындағы еңбегіңіз табысты болғай!

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АҚЦИЯСЫ АЯСЫНДА СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қазалы ауданында кең көлемді сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан орталығы – Әйтеке би кентінің Әйтеке би, Жанқожа батыр, Т.Бөріқұлақов, Ә.Елубаев, Ү.Түктібаев көшелері мен кентке кіреберіс қақпа маңы, сондай-ақ, «Қазақ қорымы» аумағы толықтай қоқыстан тазартылды. Сонымен қатар, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойында да тазалық жұмыстары жүргізілді.

Әйтеке би кенті мен барлық елді мекендердегі қыс бойы қар астында қалған қураған жапырақтар мен қоқыстар жиналып, арнайы орындарға шығарылды.

Жалпы аудан көлемінде ұйымдастырылған сенбілікке 109 мекеме, 2033 адам қатысып, 15 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 7,9 тонна қоқыс пен 9,4 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар сыртқа шығарылды.

Тазалық жұмыстарының барысын аудан әкімінің орынбасары Мұрат Әбсұлтанов аралап көріп, тиісті мекеме басшыларына белгіленген жұмыстар бойынша нақты тапсырмалар беріп, тазалық жұмыстарының жүйелі жүргізілуін бақылады.

Аудан тұрғындарын тазалық мәдениетін сақтауға шақырамыз!

## АУДАН ӘКІМІ АЙМАҚТЫҚ «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ МЕН БАСПАХАНА ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Бүгін, яғни 30 наурыз күні аудан әкімі Алмасбек Есмаханов «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, баспахана мен газет редакциясының жұмысымен танысты.

Алдымен Алмасбек Әбілқасымұлы баспахана жұмысымен танысып, Германиядан шыққан «Хейдельберг» баспа машинасының газетті басу процесін көріп, қуатты машинаның мүмкіншілігін бағалады.

Баспаханадағы плоттер-наттер, ризограф, түрлі түсті принтер, мұқаба тігетін станок, газет қағазын орайтын және газет қағазын қиятын, проявочный процессор басқа да газет шығаруға қажетті құрылғылардың жұмысымен танысты.



Аудан әкіміне серіктестіктің жұмысымен «Тұран-Қазалы» ЖШС директоры Нұрбол Әлмәмбетов пен «Тұран-Қазалы» газетінің бас редакторы Раушанбек Сейтенов таныстырды.

Алмасбек Әбілқасымұлы «Тұран-Қазалы» газетінің шығармашылық қызметкерлерімен кездесіп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Өз кезегінде Нұрбол Әлмәмбетов аудан әкімінің ұжымға келіп, ілтипат көрсеткеніне ұжымдастарының атынан ризашылығын жеткізді.

**Жұлдызай ЖЫЛҚАЙДАР,**  
«Тұран-Қазалы»

## ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов бекітілген кестеге сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындар аудан басшысына өздерін алаңдатқан талап-тілектерін айтып, оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға ең алғашқы болып келген Әйтеке би кенті, Бөріқұлақов көшесі, №4 «А»/3 үйдің тұрғыны Бисенов Жұбатқан есігінің алдына жол салып беру мәселесін көтерді. Осыған байланысты аудан басшысы биыл Әйтеке би кентінің автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін арттыру мақсатында 16 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары басталғанын айтты. Аталған



16 көшенің ішінде тұрғынның мәселе етіп көтеріп отырған Т.Бөріқұлақов көшесі, №4 «А» мекен жайдағы 2 қабатты көп пәтерлі тұрғын үйдің ауласына жол салынатындығын жеткізді.

Мәселесінің жуық арада шешімі табылатындығын естіген тұрғын аудан басшысы мен азаматтарға алғысын білдірді.

Жеке қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі

жұмыссыздық және тұрғын үй мәселесін алға тартып, өтініштерін жеткізді.

Қабылдауда аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы әрбір тұрғынның мәселесіне жеке-жеке тоқталып, заңдылыққа сәйкес түсіндірді.

Мұнымен қоса, өзге де мәселелермен жүгінген азаматтардың арыз-шағымдары мен ұсыныстары жөнінде тиісті сала басшыларына мүмкіндіктерді қарастыра отырып, заң аясында шешу қажеттігін тапсырды.

Аудан басшысы қабылдауда айтылған тұрғындардың әрбір өтініші назардан тыс қалмайтынын және олардың заңдылыққа сәйкес орындалуы тікелей бақылауында болатынын жеткізді.

## АУДАН АУМАҒЫНДАҒЫ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ ПЕН БІРҚАТАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЖІЛІС ӨТТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен Сырдария өзеніндегі көктемгі су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және аудан аумағындағы санитарлық тазалық мәселелері жөнінде кеңейтілген мәжіліс өтті.

Жиында Сырдария өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты атқарылатын жұмыстар жан-жақты талқыланды. Алдын ала мәліметтерге сәйкес, Көктөбе су бекеті арқылы облыс шекарасына секундына 850 текше метр су келуі күтілуде. Осыған орай, аудан басшысы тиісті сала басшыларына су басу қаупі бар аймақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлдер жүйесі мен жайылымдық жерлерге суды тиімді бағыттау, қорғаныс бөгеттерін нығайту және инженерлік инфрақұрылымды ретке келтіруген ақты тапсырмалар берді.

ларын тұрақты өткізу қажеттігін атап өтті.

Мәжілістің күн тәртібінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясындағы жұмыстар да талқыланды. Осы ретте аудан әкімі Әйтеке би кенті мен ауылдық округтердің санитарлық тазалығын сынға алып, бірқатар кемшіліктерді атап өтті.

Тазалық жұмыстарын жүйелеу, елді мекендердегі қоқыс мәселесін шешу, абаттандыру мен көгалдандыруды жақсарту, заң талаптарын сақтамай, белгіленбеген орындарға қоқыс тастаған тұрғындарға әкімшілік шараларды күшейту қажеттігін ескертті.

Жол бойындағы санитарлық тазалық, әсіресе «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізі



Сонымен қатар, жағалауларды бекіту, бөгеттерді жөндеу, каналдар мен арықтарды тазалау, су өткізгіш құрылғыларды жаңарту жұмыстарын белгіленген жоспарға сәйкес сапалы әрі уақытылы жүргізуді қатаң тапсырды. Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында эвакуациялық пункттердің дайындығын пысықтап, түсіндірме және оқу-жаттығу шара-

бойындағы тазалыққа қатысты тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар берілді.

Жиын қортындысында аудан әкімі барлық жауапты тұлғаларға берілген тапсырмалардың сапалы әрі мерзімінде орындалуы қатаң бақылауда болатынын ескертті.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – ОРМАН ӨРТТЕРІН БОЛДЫРМАУ

Орман табиғаты – біздің баға жетпес байлығымыз. Оны қорғап, сақтау – бүкіл адамзаттың ортақ парызы. Орманның адам өміріндегі маңызы өте зор. Ол – жер шарының тынысы, табиғаттың өкпесі, адам денсаулығының кепілі. Орман-тоғайлар ауаны оттегімен толықтырып, климаттың қатаңдығын жұмсартып, топырақты эрозиядан қорғайды, қоршаған ортаның түрлі ластануын азайтуға үлес қосады. Сонымен қатар, ормандар көптеген жануарлар мен өсімдіктердің мекені болып табылады. Табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.

Біздің айналамыздағы осындай табиғи байлыққа неге жанымыз ашымайды? Қалай ғана көзіміз қиып, оны отқа орап, өртке шалдықтырамыз? Орман мен дала өрттері табиғатқа ғана емес, адамдардың өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Өрт салдарынан мыңдаған гектар орман алқабы жойылып, жануарлар дүниесі зардап шегеді, ауа ластанып, экологиялық тепе-теңдік бұзылады.

Орман өрттері көбіне күннің қатты ысуы салдарынан және адамдардың салғырттығынан орын алады. Өрт қаупі бар маусымда, яғни қар ерігеннен бастап күзгі толассыз жауын-шашынға немесе қар жауғанға дейінгі кезеңде орман алқаптарында өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау міндет.

Қортындылай келе, табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Орман мен дала өрттерінің алдын алу үшін әрбір адам жауапкершілік танытып, өртке қарсы шараларды қатаң сақтауы қажет. Табиғат – келер ұрпаққа аманат. Сондықтан оны көздің қарашығындай қорғап, сақтай білейік.

Орман немесе дала өрттері орын алған жағдайда шұғыл түрде «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің 8 (72438) 51-3-63, 8 (72438) 51-0-90 телефондарына хабарласу қажет.

**Қ.МЕДЕТБАЕВ,**  
**«Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ»КММ-нің Қызылқұм орманшылығының басшысы**

**МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЗЕРДЕЛЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ**

Аудандық партия комиссиясының мүшесі, филиалының Атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев пен Партиялық бақылау партияның Сайлауалды

бағдарламасының Жол картасы аясында мал басын көбейту, асылдандыру және өнімділігін арттырудағы міндеттердің орындалу барысына зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Партия өкілдері ауданымыздағы ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорны – «РЗА» АҚ-на барып, ондағы атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Кәсіпорында асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, сүт және ет өнімдерін өңдеу, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және тамақ өнімдерін өндіру ісі жолға қойылған. Мониторинг бары-

сында кәсіпорын өкілдері мал басын көбейту, тұқымдық сапаны жақсарту және өнім көлемін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндап берді.

Сондай-ақ, аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің маманы Жол картасы аясында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік қолдау тетіктері мен нақты нәтижелер туралы ақпарат берді.

Комиссия мүшелері кәсіпорын өкілдерінің ұсыныстарын тыңдап, саладағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары жөнінде пікір алмасты.

**ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ**

«AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының Партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиынға аудандық партия филиалының төрағасы, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, комиссия мүшелері және тиісті сала басшылары қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, аудан көлеміндегі қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыру, электр желілерінің тозуын төмендету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде көтерілген Әйтеке би көшесінің жол сапасына қатысты мәселелер

талқыланды. Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстар жөнінде аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Жасұлан Сыдықов баяндама жасады.

Отырыста Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев пен «Сарыкөл» ауылдық округінің әкімі Рахымжан Бердімұрат сөз алып, өздерінің сайлауалды бағдарламаларының орындалу барысы туралы есеп берді.

Жиында комиссия мүшелері тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды. Атап айтқанда, Әйтеке би көшесіндегі жол сапасын жақсарту, қоғамдық көлік қызметін жетілдіру мәселелерін жүйелі түрде шешу қажеттігі атап өтілді. Сонымен қатар, тұрғындармен кездесулерді жиі өткізіп, халықтың ұсыныс-пікірлерін тұрақты түрде саралап, нақты шешімдер қабылдау маңызды екені айтылды.

Отырыс қортындысында көтерілген барлық мәселелер комиссияның бақылауына алынып, олардың орындалуы алдағы уақытта тұрақты түрде қадағаланатыны атап өтілді.

**«AMANAT» партиясының Қазалы аудандық филиалы**

**«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №9 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының, 1-тармағына, «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы №306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7232 болып тіркелген) сәйкес, Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы» Қазалы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы №9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8135 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

А. Есмаханов

**О внесении изменения в постановление акимата Казалинского района от 21 января 2021 года №9 «Об установлении размера платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда»**

В соответствии с пунктом 1 статьи 97 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 26 августа 2011 года №306 «Об утверждении Методики расчета размера платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №7232), акимат Казалинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата Казалинского района от 21 января 2021 года №9 «Об установлении размера платы за пользование жилищем из государственного жилищного фонда» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8135) следующее изменение:

приложение указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

А. Есмаханов

● Құттықтаймыз!

**ҚҰРМЕТТІ  
МЕҢДІҚАРА КҮЛӘН!**

Сізді адам өмірінің айтулы бір белесі — 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесіне алып жетті. Осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

Халқымызда «Қарты бар ел — қазынасы бар ел» деген сөз бар. Осынау жылдар ішінде Сіз өмірдің талай белестерін артқа тастап, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшысы, арқа сүйер тірегісіз. Қалалық ауруханада ұзақ жылдар бойы аспазшы болып абыройлы қызмет атқарып, бүгінгі күнде еңбегіңіздің жемісін көрудесіз. Қазіргі күні зейнеткер болсаңызда аудандық қоғамдық шараларға белсене атсалысып, бай тәжірибелеріңізді бүгінгі буынмен бірге бөлісіп келесіз.

Қадірменді Меңдіқара Күлән!

Сізді, 80 жасқа толу мерейтойыңызбен тағы да құттықтай отырып, деніңізге саулық, үй-іші отбасыңызға амандық тілейміз.

**Балалары,  
немерелері,  
шөберелері**

● Маманның кеңесі

**ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!**

Туберкулез - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез - бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда қазіргі таңда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Туберкулез қалай тарайды?

Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Науқас өмір сүретін жердесанитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар.

1. Толыққанды тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).

3. Маскүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашақорлық.

6. Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез ауруының белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел.
2. Шаршау және әлсіздік.
3. Дене салмағының төмендеуі.
4. Температураның ұзақ көтерілуі.
5. Түнде тершендік.
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну.
7. Қан түкіру.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.

2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.

3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары:

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.

2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, т олыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртінуді, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау.

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар - қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау.

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

**Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,  
Қазалы аудандық санитариялық  
эпидемиологиялық  
бақылау басқармасының  
бөлім басшысы**

(Газетіміздің келесі саны 11 сәуір, сенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР**  
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
Министрлігінде 2004 жылғы  
15 наурызда тіркеліп, №4801-г  
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.  
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.  
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.  
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.  
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.  
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.